



САЙЛАУ

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ: ӘР ДАУЫС – ЕЛ БОЛАШАҒЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Бұл – әр азаматтың өз таңдауын жасап, елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуына мүмкіндік беретін маңызды күн. Құрылтай құрамына партиялық тізімдер бойынша 145 депутат сайланады. Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өтеді. Дауыс беру 23 тамыз күні сағат 07:00-ден 20:00-ге дейін жүргізіледі. Осыған орай, әрбір сайлаушы білуі тиіс негізгі ақпараттарды ұсынамыз.

Кімдер қатыса алады және учаскенізді қалай білесіз?
Қазақстан Республикасының 18 жасқа толған азаматтары сайлауға қатысуға құқылы. Дауыс беру азаматтың сайлаушылар тізіміне енгізілуі және өзіңіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тіркелген учаскеге бару арқылы жүзеге асырылады.
Өз учаскенізді білмесеңіз оның да шешімі қарастырылған. Бұл мақсатта GOV.KZ платформасында және eGOV Mobile қосымшасында онлайн – сервис іске қосылды. Ыңғайлы болуы үшін бірден үшеуі әзірленген. Сервистерді пайдалану үшін QR – кодты сканерлеп өз аймағыңыз бен ЖСН туралы ақпаратты енгізеңіз жеткілікті.

(Басы. Жалғасы 2-бетте)



gov.kz/sailau



sailau.gov.kz



sailau2026.gov.kz

Все данные в один клик



Зауыттағы жылдар –
өмірдегі іздер

ТАҒАЙЫНДАУ

«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен зауыттың бас директоры қызметіне Мұсайбеков Мұратжан Жүнісбекұлы тағайындалды.

Мұратжан Мұсайбеков 1974 жылы 7 қаңтарда дүниеге келген.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, «Қаржы және несие» факультеті (1991-1995 ж.), мамандығы «Банк ісін ұйымдастыру», біліктілігі: экономист;

- «Әділет» құқықтану академиясы (2000-2002 ж.), біліктілігі: заңгер-құқықтанушы;

- Атырау мұнай және газ институты (2012-2014ж.), мамандығы: Органикалық заттардың химиялық технологиясы.

Кәсіптік тәжірибесі:

1995 жылдан 1997 жылға дейін – «Райымбек» АҚ: Экономикалық мәселелер жөніндегі менеджер

1997 жылдан 2001 жылға дейін – Алматы қаласының Салық комитеті: Жергілікті салықтар бөлімінің салық инспекторы/Заңды тұлғаларды тексеру бөлімінің салық инспекторы/Заңды тұлғаларға салықтық аудит жүргізу секторының аға салық инспекторы/Заңды тұлғаларға салықтық аудит жүргізу секторының бас салық инспекторы/Түркісіб ауданы бойынша өндіріп алу бөлімінің бас салық инспекторы/Жеке тұлғалар бөлімінің жетекші салық инспекторы

2001 жылдан 2006 жылға дейін – «ICS Inspection and Control Services Kazakhstan»: Өңірлік өкілдіктің директоры/Басқару, ұйымдастыру және бақылау департаментінің директоры/Бас директордың орынбасары

2006 жылдан 2008 жылға дейін – «Васильковский ГОК»: Коммерция жөніндегі вице-президенттің орынбасары/Атқарушы директор 2008 жыл – «DIGITEC» ЖШС атқарушы директоры

2008 жылдан 2009 жылға дейін – «АК Алтыналмас» АҚ тәуелсіз директоры, директорлар кеңесінің мүшесі

2009 жылдан 2013 жылға дейін – «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ: Маркетинг және мұнай өңдеу жобалары жөніндегі бас менеджер/Мұнай-газ өңдеу және мұнай-химияны дамыту департаментінің директоры/ Мұнай-



газ өңдеу және мұнай-химия жобаларын іске асыру жөніндегі директор

2013 жылдан 2017 жылға дейін – «Қазмұнайгаз-ӨМ» АҚ: Бас директордың маркетинг жөніндегі орынбасары/Бас директордың даму жөніндегі орынбасары/Бас директордың даму және трансформация жөніндегі орынбасары/Бас директордың бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары

2014 жылдан 2015 жылға дейін – «Kazakhstan Petrochemical Industries» АҚ басқарма төрағасы

2015 жылдан 2018 жылға дейін – Rominerv S.R.L. директорлар кеңесінің төрағасы

2018 жылдан 2019 жылға дейін – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС бас директордың корпоративтік басқару жөніндегі кеңесшісі

2019 жылдан 2020 жылға дейін - «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Мұнай өңдеу жөніндегі басқарушы директор

2020 жылдан 2021 жылға дейін - «KPI Inc.» ЖШС басқарма төрағасының бірінші орынбасары

2021 жылдан 2023 жылға дейін – Жеке практикада тәуелсіз сарапшы

2023 жылдан 2026 жылға дейін - «VS Engineering» ЖШС перспективалы жобалар жөніндегі директор

2026 жылғы 7 тамыздан бастап – «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС бас директоры

Марапаттар:

ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі (2018 ж.), «Ақтау битум зауытына 10 жыл» мерекелік медалі (2019 ж.), «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі (2019 ж.)

ЦИФРОВОЙ АНПЗ

Все данные в один клик

Современное производство невозможно представить без цифровизации. На Атырауском нефтеперерабатывающем заводе реализован еще один масштабный IT-проект, помогающий упростить операционные процессы и принимать быстрые управленческие решения. Специалисты департамента информационных технологий (IT) Жадыра Сулейменова, Жанел Исабек и Диана Кумарова объединили усилия и разработали уникальную аналитическую платформу, охватывающую три ключевых направления работы предприятия.

Созданная платформа представляет собой универсальный дашборд в Power BI, который в режиме реального времени показывает актуальные данные по материальным запасам на складах, статусу закупочных процедур и выполнению рабочих заданий по техническому обслуживанию и ремонту оборудования (ТОРО).

Времена, когда сотрудникам приходилось неделями вручную собирать отчеты и обрабатывать бесконечные таблицы в Excel, уходят в прошлое. Теперь любые ключевые показатели доступны в один клик.

ЧТО НА СКЛАДАХ?
АНАЛИТИЧЕСКИЙ ДАШБОРД
ДИАНЫ КУМАРОВОЙ

Контроль складских запасов – залог бесперебойного обеспечения завода сырьем, материалами и комплектующими. Это направление, реализованное по поручению АО НК «КазМунайГаз», взяла на себя IT-специалист Диана Кумарова.

Диана настроила интеграцию данных из системы SAP ERP через специальный веб-сервис (WSDL) напрямую в аналитическую среду Power BI. Теперь дашборд дает наглядную картину по всем 20 складам завода.

«Раньше для формирования отчетов приходилось вручную выгружать данные из SAP в Excel и сводить их из разных транзакций. Теперь этот процесс полностью автоматизирован. Любой сотрудник по ссылке на рабочем столе может зайти и увидеть, к примеру, сколько катализатора марки CR-157 и на какую сумму имеется на конкретном складе на текущую дату, кто является контрагентом и какова сумма договора. Все данные обновляются автоматически каждый день в 06:00 утра», – рассказывает Диана Кумарова.

ОТ ПЛАНА ДО ЭКОНОМИИ:
ТВОРЧЕСКАЯ ИНИЦИАТИВА
ЖАДЫРЫ СУЛЕЙМеновой

Закупки и исполнение бюджета – один из самых ответственных процессов предприятия. Идея создать отдельный автоматизированный инструмент для этого направления принадлежала самой Жадыре Сулейменовой.

Жадыра разработала специальные скрипты, которые через API автоматически загружают актуальные данные с портала Zakup.SK в локальную базу данных, откуда Power BI забирает их для визуализации. Раньше администраторы бюджетных программ (АБП) вручную отслеживали предстоящие закупки в Excel, из-за чего существовал риск пропустить важные сроки.

«Процесс закупок требует постоянного контроля. Раньше для руководства приходилось вручную рассчитывать показатели и формировать отчетность. Теперь в дашборде виден весь процесс: про-

цент исполнения плана, статусы процедур, плановые и фактические суммы, актуальные даты договоров и, самое главное, объемы полученной экономии. Для меня этот проект стал отличным примером того, как IT прямо влияет на эффективность бизнес-процессов завода», – поделилась Жадыра Сулейменова.

ПРОЗРАЧНОСТЬ
РЕМОНТНЫХ ЗАЯВОК:
РЕШЕНИЕ ЖАНАЕЛ ИСАБЕК

Техническое обслуживание и ремонт оборудования (ТОРО) требуют четкого и своевременного обеспечения материалами. Дашборд, разработанный IT-специалистом Жанел Исабек, позволяет отследить весь путь заявки на ремонтные работы.

Готового коробочного решения для визуализации рабочих заданий не существовало, поэтому Жанел самостоятельно с нуля собирала технические требования и анализировала потребности пользователей.

«Главная особенность этого дашборда – возможность детально проследить весь жизненный цикл заявки на материал: от самого рабочего задания и инициатора до ответственного сотрудника со стороны службы снабжения. Это позволяет мгновенно определить, на каком этапе находится потребность, кто за нее отвечает, и оперативно устранить возможные задержки в ремонте», – отмечает Жанел Исабек.

ДОСТУПНОСТЬ
И ОБРАТНАЯ СВЯЗЬ

На разработку и запуск всей платформы у специалистов ушло всего около двух месяцев. При этом проект выполнялся параллельно с основной ежедневной рабочей нагрузкой девушек, из-за чего отдельным этапом приходилось уделять время после рабочего дня.

Успешной и быстрой реализации проекта во многом способствовала личная вовлеченность руководителя управления информационных технологий Эльмиры Бауыржановны. Она еженедельно вместе с разработчиками анализировала промежуточные результаты, помогала расставлять приоритеты и оперативно давала обратную связь.

Сегодня платформа полностью готова и доступна сотрудникам завода. Для входа не требуется сложных соглашений или отдельного обучения – достаточно использовать свою корпоративную учетную запись. Интерфейс дашбордов интуитивно понятен.

Кроме того, для сбора предложений по улучшению платформы в системе SMAX был открыт специальный раздел по Power BI, где каждый пользователь может оставить свое пожелание по развитию функционала.

Благодаря профессионализму специалистов IT-отдела – Жадыры Сулейменовой, Жанел Исабек и Дианы Кумаровой – огромный массив операционных данных АНПЗ превратился в удобный и наглядный инструмент. Этот проект стал еще одним важным шагом Атырауского НПЗ на пути к полной цифровизации и высокой эффективности.

САЙЛАУ

Құрылтай сайлауы: әр дауыс – ел болашағына қосылған үлес

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Сайлау учаскесін алдын ала анықтау дауыс беру процесін жеңілдетеді. Әсіресе тұрғылықты жері өзгерген немесе өзінің қай сайлау учаскесіне тіркелгенін білмейтін азаматтар үшін өте қажет. Азамат учаскенің нөмірін ғана емес, оның орналасқан мекенжайын да бірден біле алады.

Сайлауға барғанда не қажет?

Дауыс беру үшін өзіңізбен бірге жеке куәлік немесе паспорт болуы қажет. Сайлау учаскесіне келгеннен кейін сайлаушы жеке басын куәландыратын құжатын көрсетеді. Деректері тексерілген соң оған дауыс беруге арналған бюллетень беріледі. Сайлаушы бюллетеньді жасырын дауыс беру кабинасында өзі толтырып, кейін оны арнайы сайлау жәшігіне салады. Дауыс беру кезінде өз таңдауын еркін жасау – әр азаматтың құқығы.

Сайлау күні басқа қалада немесе шетелде болсаңыз...

Егер сіз сайлау күні басқа қалада болсаңыз, сол жердің әкімдігіне өзіңізді сайлаушылар тізіміне енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгіне аласыз. Сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіппен есептен шығару куәлігін алу мүмкіндігі қарастырылған. Сондықтан басқа қалада болатын азаматтарға дауыс беру мәселесін сайлау күніне дейін алдын ала шешіп алған жөн.

Есептен шығару куәлігін алу үшін азамат өзі тіркелген учаскелік сайлау комиссиясына жазбаша өтініш беруі керек. Өзімен бірге жеке куәлігін немесе төлқұжатын ұсынуы қажет. Куәлікті сенім білдірілген өкіл арқылы да ала алады. Мұндай жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат талап етілмейді. Есептен шығару куәлігін беру сайлау болатын күннен бір күн бұрын тоқтатылады. Сондықтан басқа өңірде болуды жоспарлаған азаматтарға құжатты алдын ала рәсімдеу ұсынылады. Сайлау күні азамат өзі таңдаған кез келген сайлау учаскесіне келіп есептен шығару куәлігін, жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп өз дауысын бере алады.

Егер сайлау күні Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде

болсаңыз, дауыс беру тәртібі өзгеше жүргізіледі. Шетелде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстанның дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жанынан құрылған сайлау учаскелерінде дауыс бере алады.

Сайлау учаскесіне келе алмасаңыз

Сайлау күні денсаулық жағдайына немесе басқа да объективті себептерге байланысты сайлау учаскесіне келе алмайтын азаматтар үшін сайлау учаскесінен тыс дауыс беру мүмкіндігі заңмен қарастырылған. Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Заңына сәйкес, сайлаушы дауыс беру күні өзі тіркелген сайлау учаскесіне келе алмайтын болса, учаскелік сайлау комиссиясына алдын-ала өтініш бере алады. Мұндай жағдайда комиссия мүшелері арнайы тасымалданатын сайлау жәшігімен азаматтың тұрған мекенжайына барып, дауыс беру рәсімін ұйымдастырады.

Атырау МӨЗ қызметкерлеріне маңызды

Құрылтай сайлауының өндірістік кестеге сәйкес келуіне байланысты зауытта ауысыммен еңбек ететін қызметкерлер үшін дауыс беруге қажетті жағдайлар қарастырылады. Сайлау күні жұмыс ауысымы 1 сағатқа шегеріледі. Сәйкесінше қызметтік автобустардың да жүру уақыты соған сай өзгереді. Осылайша, ауысымдық жұмыс кестесінде жүрген қызметкерлердің де сайлау учаскесіне барып, өз азаматтық таңдауын жасауына мүмкіндік беріледі.

Өндірістегі әр қызметкердің еңбегі ел экономикасының тұрақты дамуына тікелей үлес қосады. Ал сайлауға қатысу – азаматтың ел өміріне араласуы мен өз ұстанымын білдіруінің маңызды жолы. Экономиканың дамуы, өндіріс орындарының тұрақтылығы, еңбек адамының құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктері, жаңа жұмыс орындарын құру, өңірлерді дамыту секілді мәселелер жұмысшы қауымының күнделікті өмірімен тығыз байланысты. Сондықтан зауыт ұжымының әрбір мүшесін сайлау күні өз азаматтық құқығын пайдаланып, Құрылтай сайлауына белсенді қатысуға шақырамыз. 23 тамыз – өз таңдауыңызды білдіретін күн. Әр дауыс – ел болашағына қосылған үлес!

ЕҢБЕК АДАМЫ

Зауыттағы жылдар – өмірдегі іздер

Қырық жыл бойы таңғы бесте оянып, Атырау МӨЗ-ге асыққан Гүлбаршын Қошанова үшін зауыт – жай ғана жұмыс орны емес. Осы қара шаңырақта оның мамандық жолы қалыптасып, өмірлік серігімен бірге еңбек етіп, отбасы тарихының талай жылы өтті. Енді құрметті демалысқа аттанғалы отырған ардагер үшін зауыттағы жылдар – еңбек өтілі емес, ғұмырының үлкен бір бөлігі.

Химия училищесін аяқтағаннан кейін Гүлбаршын Қошанова еңбек жолын мамандығы бойынша зертханада жалғастырғысы келген. Алайда Атырау мұнай өңдеу зауытына келген кезде зертханада бос орын болмады. Осылайша 1985 жылы жас маманның өндірістегі жолы басталды. Алғашында №2 цехтағы күкірт қышқылы қондырғысында технологиялық қондырғылар машинисі болып еңбек етіп, кейін №4 цехқа ауысты. Содан бері қырық жылдан астам уақыт бойы өндірістің тыныс-тіршілігімен бірге келе жатыр.

– Ол кезде жас маман өдім, бәрі жаңа, бәрі қызық болатын. Зауыттың ауқымы, үлкен қондырғылар, өндірістің қарқыны алғашында ерекше әсер етті. Қандай қызмет атқаратынымды жалпы білгеніммен, оның қаншалықты үлкен жауапкершілік екенін жұмыс барысында түсіндім, – дейді Гүлбаршын Қошанова.

Бүгінде оның негізгі жұмысы – мұнай мен мұнай өнімдерін дайындау, сақтау және тасымалдау процестерін бақылау. Әр ауысым алдыңғы кезекшіліктен өндірістегі жағдайды қабылдап алудан басталады. Одан кейін жабдықтардың жұмысын, технологиялық көрсеткіштерді, қысым мен температураны бақылау, мұнай өнімдерінің қауіпсіз әрі үздіксіз тасымалдануын қамтамасыз ету – машинистің күнделікті міндеті. Сырт көзге өндірістің көптеген процесі автоматты түрде жүріп жатқандай көрінуі мүмкін. Алайда оның ар жағында мамандардың үздіксіз бақылауы мен үлкен жауапкершілігі бар. Өндірісте болмашы өзгерістің өзін дер кезінде байқау – қауіпсіздіктің маңызды шарты. «Өндірісте ұсақ-түйек деген болмайды. Кішкентай ғана өзгерісті уақытында байқамаудың өзі үлкен мәселеге әкелуі мүмкін. Сондықтан әр көрсеткішті бақылап, көз келген жағдайға дайын болу керек», – дейді ардагер маман.

ТЕХНОЛОГИЯ ӨЗГЕРДІ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ӨЗГЕРГЕН ЖОҚ

Қырық жылдан астам уақыт ішінде Гүлбаршын Қошанова өндірістегі талай өзгерістің куәсі болды. Оның еңбек жолы басталған кезде көптеген технологиялық операция қолмен атқарылса, бүгінде

өндіріс процестерінің басым бөлігі автоматтандырылған. Бұрын мамандар өздері барып бақылайтын көрсеткіштер қазір заманауи жүйелер арқылы жедел бақылауға мүмкіндік береді.

– Бұрын құбырдың 500, 1000-дық за-
движкаларын қолмен ашатынбыз. Қазіргі таңда автоматты түрде ашылып-жабылады. Технология жұмысты бір жағынан жеңілдетті, екінші жағынан маманға қойылатын талапты арттырды. Жаңа технология келген сайын оны меңгеріп, үнемі үйреніп отыру қажет, – дейді ол.

Өндірістегі өзгерістермен қатар, күтпеген жағдайлар да аз болмаған. Электр қуатының үзілуі немесе кернеудің төмендеуі кезінде зауытқа мұнай айдатын және теміржол цистерналарына мұнай өнімдерін құятын сорғылар тоқтап қалуы мүмкін. Мұндай сәтте әр минуттың маңызы зор.

– Осындай жағдайда зауытқа мұнай беретін сорғыларды дер кезінде қайта іске қосып, өндірістік процестің тоқтап қалмауын қамтамасыз етуіміз қажет. Теміржол цистерналарына өнім құю процесін де мүмкіндігінше жедел қалпына келтіру маңызды. Мұндай кезде тез шешім қабылдау керек, – дейді ардагер.

Жылдар бойы жинаған тәжірибе осындай жауапты сәттерде үлкен көмек береді. Оның айтуынша, тәжірибелі маман жабдықтың жұмысындағы болмашы өзгерістің өзін байқап, жағдайдың қалыпты немесе қалыпты еместігін сезе бастайды.

«МЕН ҮЛКЕНМІН ДЕП КӨКІРЕКТЕНБЕЙМІН»

Гүлбаршын Қошанова үшін өндірістегі еңбек тек технологияны білумен шектелмейді. Ұжымдағы қарым-қатынас та жұмыстың сапасына әсер етеді. Қырық жылдан астам уақыт ішінде талай әріптеспен бірге еңбек еткен ол үшін жақсы маманның басты қасиеті – сенімділік пен жауапкершілік. Ол жаңадан келген мамандарға бағыт – бағдар беріп, жетекшілік еткен. Сол мамандардың бірі, 30 жыл бойы әріптес болған Медведев Дмитрий қазіргі таңда аға оператор.



– Жұмыста бір – бірімізбен келіспей қалатын кездер болады. Бірақ қанша ұрыссақ та, ол бірден менен кешірім сұрайды. Мен де «үлкенмін» деп көкіректенбеймін, менікі дұрыс емес болса, артық кетсем, кешірім сұраймын, – дейді Гүлбаршын Қошанова.

Осы бір қарапайым ұстаным оның мінезін де аңғартады. Ұзақ жылғы еңбек өтіліне қарамастан, өзін өзгеден жоғары қоюды жөн көрмейді. Керісінше, өндірісте бір-біріне сүйеніп жұмыс істеудің маңызын жақсы біледі. Ал жас мамандарға айтары да дайын: жауапкершіліктен қашпау, қауіпсіздік талаптарын сақтау және үйренуден тоқтамау.

АТЫРАУ МӨЗ-БЕН БІТЕ ҚАЙНАСҚАН ТАҒДЫР

Гүлбаршын апайдың Атырау МӨЗ-ге байланысы тек еңбек жолымен өлшенбейді. Бұл зауытта оның өмірлік серігі де еңбек етті. Екеуінің таныстығы да тым әріден басталады. Бір көшеде көрші болып өскен олар бір мектепте білім алды. Кейін тағдыр жолдары қайта - қайта тоғысып, екеуі де Атырау мұнай өңдеу зауытында еңбек етті. Әртүрлі бөлімде қызмет атқарғанымен жұмыста да, өмірде де бір-біріне сүйеніш болды.

– Күйеуім механика цехында жұмыс істеген соң, білмеген нәрселерімді жолдасымнан сұрайтынмын. Бір – бірімізбен солай қоян-қолтық өмір сүрдік, – деп еске алады ол.

Жолдасы өмірден өтсе де бірге өткен жылдардың естелігі оның жүрегінде сақтаулы. Тіпті бүгінде қалыптасқан кейбір әдеттерінің өзі сол жылдардан қалған. Бір кездері оны таңғы бесте жұмысқа шығуға жолдасы оятатын. Уақыт өте келе ерте тұру күнделікті әдетке айналды. Жолдасы өмірден өткеннен кейін де бұл әдет өзгермеген. Қазір демалыс күндерінің өзінде таңғы

бесте оянады. Бәлкім, бұл – бірге өткен жылдардан қалған үнсіз естеліктің бірі шығар.

АНАДАН ЖАЛҒАСҚАН ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Гүлбаршын апайдың Атырау МӨЗ-бен байланысы бір отбасының екі тағдырымен ғана шектелмейді. Оның бұл қара шаңыраққа деген жақындығы анасының еңбек жолымен де сабақтас. Анасы да Атырау мұнай өңдеу зауытында 44 жылдан астам уақыт еңбек еткен. Бүгінде 86 жаста. Демек, Гүлбаршын үшін зауыттың тарихы тек өзінің қырық жылдан астам еңбек жолынан тұрмайды. Бұл – анасының жастық шағы мен маңдай тері сіңген, кейін қызының да саналы ғұмыры өткен орта. Бір зауыттың қабырғасында анасының да, қызының да ондаған жылдық еңбегі қалды. Бірі – 44 жылдан астам, бірі – қырық жылдан астам уақытын осы қара шаңыраққа арнады. Сондықтан Гүлбаршын Қошанова үшін Атырау МӨЗ – ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан еңбек естелігі бар қара шаңырақ. Оның қабырғаларында анасының да, өзінің де еңбек ізі бар.

ЖАҢА КЕЗЕҢ

Енді қырық жылдан астам уақыт бойы таңғы бесте басталған еңбек ырғағы өзгереді. Күн сайын зауытқа асығу, өндірістің жағдайын бақылау – Гүлбаршынның күнделікті өмірінен алыстамақ. Дегенмен еңбекке әбден қалыптасқан адам үшін әйнет демалысы үйде қол қусырып отырумен өлшенбейді.

– Жолдасым тірі кезінде зейнетке шыққанда шипажайларға жиі барып, денсаулығымға көңіл бөлсем деп ойлайтынмын. Енді соған уақыт болатын шығар. Бірақ күнделікті жұмыста жүрген соң, үйде ұзақ отыра алмайтын сияқтымын. Балаларым дүкен ашып берсе, сол іспен айналыссам деген арманым бар, – дейді ол.

Екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген ардагер үшін ендігі кезең – өзіне уақыт бөліп, көптен ойда жүрген жоспарларын жүзеге асыратын шақ. Шипажайға барып тынығу, балаларымен бірге уақыт өткізу, жаңа кәсіп бастау – бәрі алдағы күндердің еншісінде. Қырық жылдан астам уақыт бойы өзгенің ауысымын қабылдап келген жан енді өз өмірінің жаңа ауысымына кіріспек. Ал Атырау МӨЗ-де өткен қырық жылдан астам уақыт оның өміріндегі ең үлкен еңбек мектебі әрі жүрегіне жақын қара шаңырақ болып қала бермек.

ЛИДЕРЫ БУДУЩЕГО

Молодежь АНПЗ на форуме «КазМунайГаз» в Астане

11 августа 2026 года в столице состоялось одно из самых масштабных событий в молодежной политике национальной компании – Молодежный форум АО НК «КазМунайГаз».

На одной площадке в Астане собрались 200 молодых специалистов со всех уголков Казахстана, прошедших строгий отбор в рамках новой корпоративной программы OiLeaders. В их числе честь Атырауского нефтеперерабатывающего завода достойно отстаивали 7 наших молодых коллег.



Выступая на открытии форума, председатель Правления АО НК «КазМунайГаз» Асхат Хасенов отметил, что на сегодняшний день в группе компаний КМГ работают более 15 тысяч молодых специалистов. Национальная компания продолжает активно развивать систему подготовки и повышения квалификации

кадров, уделяя особое внимание рабочим профессиям и современным компетенциям.

Глава КМГ подчеркнул, что программа OiLeaders была запущена для подготовки нового поколения лидеров нефтегазового сектора, способных генерировать инновационные идеи и вносить реальный вклад



в развитие отрасли. В контексте объявленного Главой государства Года цифровизации и искусственного интеллекта особый акцент делается на освоении новых технологий. В рамках форума участники прошли интенсивные тренинги по ИИ, эффективным коммуникациям и лидерству, а полученные знания и навыки



смогут сразу применить в своей ежедневной работе.

Всего на участие в программе OiLeaders поступило 435 заявок, что подтверждает высокий интерес молодежи к профессиональному и личностному росту. Прошедшие отбор 200 участников в течение двух дней погрузились в самые передовые темы – от развития эмоционального интеллекта до таких трендов, как Vibe Coding и разработка ИИ-агентов.

Эти два дня для участников были наполнены не только лекциями, но и интерактивной практикой. Эксперты оценивали всё: активность, навыки командной работы, презентацию проектов, скорость и точность выполнения заданий.

По итогам форума из 200 участников будут отобраны 100 лучших молодых специ-

алистов, которые войдут в пул молодых лидеров «КазМунайГаза» и получат возможность продолжить дальнейшее продвинутое обучение.

В завершение форума все делегаты получили памятные сертификаты и нагрудные значки «OiLeaders».

Особым поводом для гордости всего коллектива АНПЗ стало торжественное вручение благодарственных писем от председателя Правления КМГ Асхата Хасенова молодым специалистам за их вклад в производство и активную позицию.

В числе награжденных – наша коллега, лаборант Центральной заводской лаборатории (ЦЗЛ) Жантлеуова Турсынгуль.

Турсынгуль поделилась своими впечатлениями от этого яркого события:

«Если честно, само участие в таком масштабном форуме в столице уже было для меня большим событием и уникальным опытом. Но получить Благодарственное письмо лично из рук главы «КазМунайГаза» - этого я точно не ожидала. Это было очень неожиданно, безумно приятно и в то же время ответственно. Очень рада, что мой ежедневный труд получил такую высокую оценку. Форум подарил невероятный заряд энергии, новые знания и вдохновение. Хочу выразить огромную благодарность руководству нашего завода и родному коллективу за доверие и поддержку!»

Атырауский НПЗ всегда гордится своей молодежью и поддерживает стремление к новым знаниям. Желаем всем участникам нашей делегации успешно пройти итоговый отбор и войти в сотню лучших молодых лидеров «КазМунайГаза»!

НАЗНАЧЕНИЯ



Приказом генерального директора №215-к от 03.08.2026 г. на период с 03 августа 2026 года по 15 ноября 2026 года на должность начальника отдела охраны окружающей среды ТОО «Атырауский НПЗ» назначена **Борашова Молдир Дуйсенгалиевна**.

Образование: Атырауский университет им. Х.Досмухамедова, 2013 г., бакалавр по специальности «Экология»; Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015 г., магистр естествознания; НАО «Атырауский университет нефти и газа им. С.Утебаева, специальность «Химическая технология органических веществ»

Профессиональная деятельность с 2013 по 2026 год:

Стажер ТОО «Жасулан и Компания»; Преподаватель кафедры химии и экологии Атырауского университета имени Х. Досмухамедова; Инженер по охране окружающей среды отдела охраны окружающей среды Департамента охраны труда, окружающей среды, ГО и ЧС ТОО «АНПЗ» (центральный аппарат); Ведущий инженер по охране окружающей среды отдела охраны окружающей среды заводоуправления; Ведущий инженер по охране окружающей среды отдела охраны окружающей среды Департамента охраны труда, окружающей среды и гражданской защиты заводоуправления; Начальник отдела охраны окружающей среды заводоуправления;

КЕЗДЕСУ

Ата Заң және құқықтық сақтандыру

Атырау мұнай өңдеу зауытында қызметкерлердің ақпараттық құзыреттілігі мен құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған арнайы іс-шара өтті. Кәсіпорынның жұмыс жоспары аясында ұйымдастырылған жиынға зауыт ұжымы, Құқықтық-ақпараттық кеңес беру орталығының білікті мамандары мен Атырау облыстық Полиция департаментінің өкілі қатысты.



Кездесудің басты мақсаты – Конституцияға енгізілген соңғы түзетулердің мәнін ұғындыру, азаматтық құқықтарды қорғау тетіктерін түсіндіру және бүгінгі қоғамда жиі кездесетін қаржылық әрі кибералақтықтың алдын алу.

Кездесуде сөз алған заңгер **Бауыржан Балмағамбетов** 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының Конституциясындағы негізгі өзгерістерге тоқталды. Спикер заңнамадағы жаңашылдықтарды құрғақ теория түрінде емес, күнделікті өмірден алынған нақты мысалдар арқылы қарапайым әрі ұғынықты тілмен жеткізді.

Әсіресе мемлекет тарапынан халыққа ұсынылатын мүмкіндіктер, соның ішінде тегін құқықтық кеңес алу (кепілдендірілген заң көмегі) тәртібі мен рақымшылық (амниция) мәселелері кеңінен сөз болды. Спикер кез келген азаматтың өзіне тиесілі құқықтарын қорғау үшін қайда және қалай жүгінуі керектігін елжіретпей түсіндірді.

Кездесудің екінші бөлігі қоғамда өршіп тұрған кибералақтық және оның жаңа түрі – дропперлікке арналды. **Атырау облысы Полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі, полиция капитаны Даурен Мұханбеталиев** алаяқтардың заманауи әдіс-тәсілдерін талдап, зауыт қызметкерлерін сақ болуға шақырды.

Дропперлік дегеніміз не? Дроппер – алаяқтардың жымысқы әрекеттері нәтижесінде

заңсыз тапқан қаражатын қолма-қол ақшаға айналдыруға немесе басқа шоттарға аударуға өз банктік картасын беретін тұлға. Көбіне азаматтар жеңіл табысқа қызығып немесе алданып, өздерінің қылмыстық схеманың қатысушысы болып қалғанын аңғармай да қалады.

Полиция өкілі өз сөзінде дропперлік әрекеттердің құқықтық салдарына ерекше тоқталды. Қылмыстық заңнаманың (ҚР КК 232-1-бабы) талаптарына сәйкес, өзге біреуге өзінің банктік картасын, логин-парольдерін немесе сәйкестендіру деректерін материалдық сыйақы үшін берген азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Шара барысында нақты оқиғалардан мысалдар келтіріліп, алаяқтардың арбауына түспеудің басты ережелері ескертілді:

- Бөгде тұлғаларға банктік карта мәліметтерін, SMS-кодтарды бермеу;
- Жеңіл ақша табуды ұсынатын күмәнді хабарландыруларға сенбеу;
- Жеке деректер мен есепшоттардың қауіпсіздігін қатаң бақылауда ұстау.

Жиын соңында зауыт қызметкерлері мамандарға өздерін толғандырған жеке мәселелері бойынша сұрақтар қойып, толыққанды әрі кәсіби жауаптар алды. Адам капиталын дамыту мен қызметкерлердің құқықтық мәдениетін қалыптастыру – кәсіпорынның басты басымдықтарының бірі. Мұндай пайдалы кездесулер Атырау МӨЗ-де тұрақты түрде жалғасын таппақ.

АМӨЗ тарихының шежіресі: 2016-2018 жылдар

Зауытымыздың жылнамасын баяндайтын айдарымыздың кезекті санында 2016-2018 жылдардағы тарихи белестерге тоқталамыз. Бұл жылдар – Атырау МӨЗ-дің халықаралық стандарттарға сай жаңа өнім түрлерін өндіріп, цифрландыру мен автоматтандыруды өндіріске кеңінен енгізген, модернизацияны толық аяқтап, жаңа өндірістік рекордтарға қол жеткізген жеңісті кезеңі ретінде тарихта қалды.

2016 жыл

- Атырау МӨЗ-де «ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг» АҚ әзірлеген бірегей аналитикалық жүйе іске қосылды. Диспетчерлік орталықтың жүйесі Қазақстандағы мұнай өнімдерін өндіру мен сатуды бір орталықтан нақты уақыт режимінде басқаруға және сыртқы халықаралық нарықтардағы жағдайды қадағалауға мүмкіндік берді.

- Басқарудың цехсыз құрылымына өту басталды, бірнеше цехтың негізінде Мұнайды қайта өңдеу өндірісі мен Сервистік жұмыстар өндірісі құрылды.

- Мұнайды терең өңдеу кешенінің (МТӨК) кадрларын даярлау бағдарламасы аясында инженерлік-техникалық қызметкерлер мен негізгі технологиялық қондырғы – каталитикалық крекинг қондырғысының персоналы «Химиялық технология» мамандығының негіздері бойынша оқуды бастады.

- Атырау МӨЗ Қазақстанда алғашқылардың бірі болып өнеркәсіптік кәсіпорындардағы технологиялық жабдықтарды басқаруды автоматизациялауға арналған Технологиялық процесті автоматты басқару жүйесін енгізді.

- Сәуір айының басында бензол өндірісі басталды. 21 маусымда зауыт халықаралық стандартқа сәйкес «Тазартылған бензол-545» сертификатын алды. Ал 4 шілдеде Ресей Федерациясының Тула облысына 300 тонна көлеміндегі алғашқы партия жөнелтілді.

- Әлемдік озық тәжірибеге негізделген «АМАН» интеграцияланған қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесі енгізілді.

- «Атырау МӨЗ» ЖШС «Үздік салық төлеуші» болып танылды.

- Жыл қорытындысы бойынша зауыт 4 млн 760 мың тонна мұнай өңдеді.

2017 жыл

- ҚХР-дан келген журналистер тобы («Синьхуа» ақпараттық агенттігі, «Экономикалық күнделік», «Жэньминь жибао» газеттері) Атырау МӨЗ-дегі МТӨК құрылысының бас мердігері – Sinopec корпорациясының қызметін жарыққа шығару мақсатында зауытта болып қайтты. Сондай-ақ, Жапонияның «NHK» мемлекеттік телерадиокомпаниясының түсірілім тобы Қазақстанның экономикалық дамуы туралы ауқымды фильм дайындау үшін Атырау МӨЗ-де түсірілім жүргізді.

- 6 маусымда Мұнайды терең өңдеу кешенінің каталитикалық крекинг қондырғысының басты энергоагрегаты сәтті іске қосылды.

- Атырау МӨЗ-дің 20 маманы Нанкин қаласындағы Цзиньлин МӨЗ-де каталитикалық крекинг және сұйытылған көмірсутек газдарын күкірттен тазарту технологиялық процестері бойынша біліктілігін арттырды.

- 28 шілдеде Атырау МӨЗ бен Sinopec Group құрамына кіретін Хайнань мұнай өңдеу зауыты арасында ынтымақтастық пен бауырластық қарым-қатынас орнату туралы келісімге қол қойылды.

- 14 қазанда Атырауда жаңа «Промышленная» теміржол станциясы мен айналма теміржол торабы іске қосылды. Бұл Атырау МӨЗ-дің барлық жүк ағынын тұрғын үй алқаптарынан тыс аймаққа шығарып, қала мен тұрғындардың экологиялық және өнеркәсіптік қауіпсіздігін арттырды.

- Атырау МӨЗ фильтрацияланудың шекті температурасы минус 25°С болатын К2 және К3 экологиялық класты дизель отынының қысқы маркаларын шығара бастады.

- 2017 жылғы 15 желтоқсанда модернизацияның үшінші кезеңі аясында Мұнайды терең өңдеу кешенінде іске қосу-баптау жұмыстары басталды.

- Жыл қорытындысы бойынша Атырау МӨЗ 4 млн 724 мың тонна мұнай өңдеді.

2018 жыл

- Атырау МӨЗ К4 және К5 экологиялық класты (Евро-4, Евро-5 аналогтары) дизель отынын шығаруға көшіп, өнімді жөнелтуді бастады. 1 шілдеден бастап К4 класты автобензиндер өндірісіне толық өтті.

- RLG International құралдары мен әдіс-емесі негізінде күрделі жөндеулер мен жобаларды тиімді дайындау әрі іске асыру жүйесін өнгізу жобасы басталды.

- МТӨК каталитикалық крекинг қондырғысы іске қосылғаннан кейін зауытта тауарлы автобензин өндірісі 2 еседен астам көрсеткішке өсті (тәулігіне 1 900 тоннадан 4 500 тоннаға дейін).

- Атырау МӨЗ-де РТ маркалы авиаотын шығарыла бастады. Қараша айында Қазақстанда аналогы жоқ, фильтрациялану температурасы минус 32°С болатын «Khazag» қысқы дизель отыны алынды.

- Атырау МӨЗ «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Орталық кеңесінің арнайы дипломымен марапатталды.

- Орталық зауыт зертханасының сынақ орталығы жұмыс аймағындағы, өнеркәсіптік алаңындағы және санитарлық-қорғау аймағындағы ауада зиянды заттардың болуын анықтау бойынша 561 790 сынақ жүргізді.

- Атырау МӨЗ-де үш кезеңнен тұратын модернизация толық аяқталды. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 5,5 млн тонна мұнай өңдеу деңгейіне дейін артты.

- Жыл қорытындысы бойынша Атырау МӨЗ 5 млн 268 мың тонна мұнай өңдеп, рекордтық көрсеткішке жетті.

«АМӨЗ ӘЛЕМІ» басылымы №16.
21 тамыз 2026 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4603.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш.Какимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертеев.
Редакторлар – Ж. Бисенова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18ВРҮ0008072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.